



## Қазақстандағы бухгалтерлерге арналған әдістемелік ұсынымдар

VISA карталары



Методические рекомендации для  
бухгалтеров в Казахстане

Карты VISA



# Мазмұны

Қысқартулардың тізбесі.....	2
1. Картаны З шығару және айналысқа ұсыну.....	3
1.1 Банкпен шарт жасасу және картаны шығару.....	3
1.2 Картаны беру және қызмет көрсету бойынша операциялардың салықтық аспектілері.....	6
1.3 Картаны беру және қызмет көрсету бойынша операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету тәртібі.....	8
▲	
2. Картаны пайдалана отырып операциялар жүргізу.....	11
2.1 Карталармен 11 жүргізілуі мүмкін операциялар.....	11
2.2 Карталармен 11 жүргізілетін операциялар бойынша валюталық бақылау.....	11
2.3 Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізу кезіндегі салық салу және бухгалтерлік есеп .....	11
2.3.1. Шығыстарды картамен төлеу кезіндегі операцияларға салық салудың және бухгалтерлік есептің жалпы ережелері (ЖК, заңды тұлғалар, ҚҚС төлеушілер үшін).....	12
2.3.2. Картадан алынған қолма-қол ақша қаражатымен төлеу арқылы шығыстарды жұмыссау кезінде операцияларды жүргізу және есепке алу ерекшеліктері.....	17
2.4 ЖК үшін салық салу ережелері .....	18
▲	
3. Карталарды пайдалану операциялары.....	18
3.1. Карталарды қолдану бойынша үлгі операциялар.....	18
3.2. Көсіпорынның негізгі қызметтіне байланысты шығыстарды, шаруашылық шығыстарды төлеу.....	19
3.3. Жанар-жағармай материалдары мен ЖМКС қызметтеріне акы төлеу.....	20
3.4. Интернетте төлем жасау.....	20
Заңдық ақпарат.....	23

# Қысқартулар тізбесі

<b>Жұмыскердің ЖМӘМСЖ</b>	Жұмыскерлердің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары
<b>Картаны беру туралы шарт</b>	Төлем карточкасын беру туралы шарт
<b>ЕАЗО</b>	Еуразиялық экономикалық одак
<b>Валюталық реттеу туралы ҚРЗ</b>	«Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі № 167-VI Қазақстан Республикасының Заңы
<b>Төлемдер туралы ҚРЗ</b>	«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI Заңы
<b>ЖКК</b>	Жеке кәсіпкер
<b>ЖКС</b>	Корпоративтік табыс салығы
<b>Карта</b>	Корпоративтік төлем карточкасы және ЖКК үшін төлем карточкасы
<b>ӘКБтК</b>	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V кодексі
<b>KTC</b>	Корпоративтік табыс салығы
<b>ТККТС</b>	Төлем көзінен корпоративтік табыс салығы
<b>ХҚЕС</b>	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
<b>Салық кодексі</b>	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI Кодексі
<b>ҚҚС</b>	Қосымша құн салығы
<b>Жұмыс берушінің МӘМС</b>	Жұмыс берушінің міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру бойынша аударымдары
<b>Ереже</b>	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару қагидалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметкө қойылатын талаптары
<b>Валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесі</b>	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18512 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 30 наурыздағы № 40 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында валюталық операцияларды жүзеге асыру қагидалары
<b>ҚР</b>	Қазақстан Республикасы
<b>ӘС</b>	Әлеуметтік салық
<b>ACP</b>	Арнаулы салық режимі
<b>ӘА</b>	Әлеуметтік аударымдар
<b>ҮИЖ</b>	Үш компонентті интеграцияланған жүйе
<b>ҚР ЕК</b>	Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі

Әдістемелік ұсыныстардың мәтінін «Эрнест энд Яңг Казахстан» ЖШС мамандары дайындағы

## 1. Картаны шығару және оның айналымы

### 1.1 Банкпен шарт жасасу және карта шығару

#### ҚР заңнамасындағы бизнес-карта мен корпоративтік картаның анықтамасы

Төлем карточкасы - оны ұстаушыға электрондық терминалдар немесе басқа байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға немесе қолма-қол ақша алуға, немесе төлем карточкасының әмитенті белгілеген және оның талаптарымен валюта айырбастауға және өзге операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы.<sup>1</sup>

Төлем карточкасы дебеттік карточкаға және кредиттік карточкаға бөлінеді.<sup>2</sup>

Түрлері	Шығару негіздемесі	Әмитент	Ұстауышы
<b>1. Дебеттік карточка –</b> оның ұстаушысына клиенттік банк шотындағы ақша сомасы шегінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін төлем карточкасы.	Төлем карточкасын беру туралы шарт жасасу	Төлем карточкасын шығараратын Банк немесе «Қазпошта» АҚ	Дебеттік және кредиттік карточкаға қолданылады – жеке тұлға, корпоративтік төлем карточкасына қолданылғанда – заңды тұлғаның үекілетті өкілі
<b>2. Кредиттік карточка –</b> ұстаушыға әмитент пен клиент арасында жасалған банктік қарыз шарттың талаптарымен әмитент берген банктік қарыз сомасы шегінде төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін төлем карточкасы.			
<b>3. Корпоративтік төлем карточкасы –</b> әмитент пен банктік шоттың иеленушісі заңды тұлға арасында жасалған Картаны беру туралы шарт негізінде заңды тұлғаның үекілетті өкіліне берілетін төлем карточкасы. <sup>3</sup>			

ҚР заңнамасы түрғысынан:

- Бизнес-карта деп ЖКК болып табылатын жеке тұлға иесі болып табылатын дебеттік немесе кредиттік карточка түсініледі.
- Корпоративтік карта деп корпоративтік төлем карточкасы түсініледі.

#### Төлем карточкасын ұстауышы

Картаны ұстаушы Картаны беру туралы шарттың талаптарына сәйкес төлем карточкасын пайдаланатын жеке тұлға болып табылады.<sup>4</sup>

<sup>1</sup> Төлемдер туралы ҚРЗ 1-бабының 51-тармақшасы;

<sup>2</sup> Ереженің 5-тармағы;

<sup>3</sup> Ереженің 3-тармағының 8-тармақшасы;

<sup>4</sup> Ереженің 3-тармағының 21-тармақшасы;

Банктік шоттың иесі заңды тұлғаның үекілетті өкілі корпоративтік төлем карточкасын ұстаушы болып табылады.

Бизнес-картаға қатысты заңнамамен ЖК жұмыскерлері үшін төлем карточкасын ұстаушы ретінде әрекет ету мүмкіндігі реттелмеген, алайда тыйым салынбаған жағдайда, іс жүзінде бұған да жол беріледі.

## Шарт жасасу

Нәтижесінде карта берілетін эмитент пен жеке немесе заңды тұлға арасында жасалатын Картаны беру туралы шарт негізінде Карта шығарылады.<sup>6</sup>

Бұл ретте төлем карточкасын беру кезінде эмитенттер көрсетілген аралас шарт жасасуға рұқсат берілетінін атап ету маңызды<sup>7</sup>:

- Картаны беру туралы шарт;
- Банктік шоттың шарты;
- Банктік қарызы шарты.

Осылайша, кредиттік карточканы немесе банктік қарыздың дебеттік карточкасын шығару бұндай аралас шарт жасасу жолымен жүзеге асырылуы мүмкін.

### Картаны шығару туралы шарт келесі талаптарды қамтиды<sup>8</sup>:

- 1)** картаны беру, оның ішінде эмитенттің картаны ұстаушыға немесе оның үекілетті тұлғасына картаны және жеке сәйкестендіру нәмірін беру талаптары. Дербес сәйкестендіру нәмірін беру бойынша талап шығарылымы электрондық турде эмитенттің картаны ұстаушыға оның деректемелері туралы ақпаратты ұсынуы арқылы жүзеге асырылатын картага қолданылмайды;
- 2)** картаны пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру талаптары;
- 3)** ережениң 44-тармағын ескере отырып, банк шотының валютасынан өзге валютадағы төлем карточкасын пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру кезінде қолданылатын шетел валюталарының айырбастау бағамын белгілеу тәртібі;
- 4)** картаны пайдалана отырып жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары және өзге де операциялар туралы үзінді көшірмені ұсыну тәртібі;
- 5)** қосымша карталар берілетін тұлғалардың тізімі немесе тұлғалардың тізіміне сілтеме (kartanы беру туралы шарт негізінде әртүрлі ұстаушыларға бірнеше карта беру кезінде);
- 6)** картаны алып қою, бұғаттау және қайта шығару тәртібі мен талаптары
- 7)** картаның және (немесе) картаны беру туралы шарттың қолданылу мерзімі;
- 8)** эмитент картасын ұстаушының төлем карточкасының жоғалғаны, үрланғаны немесе рұқсатсыз пайдаланылған туралы хабарлау тәртібі мен мерзімі;
- 9)** карта ұстаушыны карта беру туралы шартқа енгізілетін өзгерістер және (немесе) тоłyқтырулар туралы хабардар ету тәртібі;
- 10)** картаны пайдалана отырып жасалатын операциялар туралы картаны ұстаушыны хабардар еткені үшін комиссиялар өндіріп алу мәлшері мен тәртібі;
- 11)** Карта беру туралы шартты бұзу тәртібі.

<sup>5</sup> Ережениң 3-тармағының 21-тармақшасы;

<sup>6</sup> Ережениң 3-тармағының 18-тармақшасы және 4-тармағы;

<sup>7</sup> Ережениң 13-тармағы;

<sup>8</sup> Ережениң 9-тармағы;

## Карталар эмитенттің міндеттері

Картаны шығару картаны ұстаушыға картаны беруді көздейтін төлем қызметі болып табылады.<sup>9</sup>


Картаның эмитенті карталарды шығаратын банк немесе «Қазпошта» АҚ болуы мүмкін.<sup>10</sup> 2023 жылғы 1 ақпандығы деректер бойынша КР-дағы карталар эмиссиясын 18 банк және «Қазпошта» АҚ жүзеге асырады.<sup>11</sup>

Осылайша, картаны шығару үшін осы банктердің біріне немесе «Қазпошта» АҚ-ка эмитентті, өзі қарастырған тәсілдердің бірімен (мысалы, іс жүзінде, онлайнарқылы, мобилді қосымшаларды қолдану арқылы, банк белімшесіне жүгіну жолымен және т.б.) эмитент пен жеке тұлға - ЖКК немесе банк шотының иесі зандау тұлға арасында Карта шығару туралы шарт жасасу үшін жүгіну қажет.

### Картаны шығару мысалы:

- Картаны ұстаушылар ретінде ЖК/зандау тұлғаның екілдері - басшылар, басқарушылар, менеджерлер және өзге де қызметкерлер болуы мүмкін.
- Тиісті қызметкер әр түрлі тәсілдермен, бұйрық, шығару немесе жұмыс берушінің ішкі актілерін - саясаттарды, ережелерді бекіту арқылы белгілену мүмкін.
- Мысалы, атаулы картаны ресімдеу үшін үәкілдеп қызметкер қажетті жеке ақпаратты ұсына отырып, зандау тұлғаның бас бухгалтеріне бекітүге сұрау жібереді. Корпоративтік карталарды беру үшін бекітілген тізбе эмитентке жіберіледі.
- Картаны ұстаушымен картаны пайдалану туралы шарт жасасқанға дейін эмитент картаны пайдалану кезіндегі қаупісіздік талаптары мен шаралары, талап қою тәсілдері және оларды қарастыру тәртібі туралы картаны ұстаушыны хабардар етуге міндетті.

### Эмитент картаны шығару процесі аясында, басқалармен қатар:



**1)** Картаны беру туралы шарттың мазмұнын оқуды және оның үлгісін Эмитенттің карта ұстаушы үшін қолжетімді орнында және (немесе) эмитенттің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз ететін нысандада баяндалуын қамтамасыз етеді<sup>12</sup>;



**2)** Картаны беру және қызмет көрсету комиссияларының мөлшері туралы шартқа енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы, оның ішінде Эмитенттің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру жолымен және қысқа мәтіндік және (немесе) мультимедиялық хабарламалар арқылы Клиентті олар Картаны беру туралы шартпен сәйкес келген күнге дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктіремей хабардар етеді<sup>13</sup>;



**3)** ұстаушының талабы бойынша картаны беру туралы шарттың қағаз және (немесе) электрондық нысандада ұсынады<sup>14</sup>;



**4)** Картаны беру туралы шартта көзделген тәртіппен клиентке оның карточкасының қолданылу мерзімінің аяқталғаны туралы оның аяқталу күніне дейін кемінде күнтізбелік 10 (он) күн бұрын хабарлайды.<sup>15</sup>

<sup>9</sup> Подпункт 52 статьи 1 ЗРК о платежах;

<sup>10</sup> Подпункт 24 пункта 3 Правил и подпункт 52 статьи 1 ЗРК о платежах;

<sup>11</sup> Статистика Национального Банка РК, доступно на: nationalbank.kz (Дата доступа: 15 марта 2023 года);

<sup>12</sup> Пункт 10 Правил;

<sup>13</sup> Пункт 11 Правил;

<sup>14</sup> Пункт 11 Правил;

<sup>15</sup> Пункт 17 Правил;

## **1.2 Карталарды беру және оларға қызмет көрсету бойынша операциялардың салықтық аспекттері**

### **Шығындарды шегерімге жатқызудың жалпы қағидаттары**

Салық кодексіне сәйкес шегерілмейтін шығыстарды есептемегенде, салық төлеушінің табыс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстары салық кодексінің осы бабында және 243-263-баптарында белгіленген ережелерді ескере отырып, салық салынатын табысты белгілеу кезінде шегеріледі.<sup>16</sup>

Шегерімдерді салық төлеуші өзінің табыс алуға бағытталған қызметіне байланысты бұндай шығыстарды растайтын құжаттар болған кезде іс жүзінде жүргізілген шығыстар бойынша жүргізеді.<sup>17</sup>

Шығыстарды тану, оларды тану күнін қоса алғанда, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және (немесе) КР бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.<sup>18</sup>

Осылайша, карталарды беруге және оларға қызмет көрсетуге байланысты шығыстар келесі талаптар сақталған кезде КТС мақсаттары үшін шегерімге жатқызылуы мүмкін:

- Бұл шығыстар бухгалтерлік есепте танылады;
- Бұл шығыстар табыс алуға бағытталған қызметке байланысты жұмсалған;
- Бұл шығыстар құжаттармен расталады (практикалық түрғыдан алғанда, осы талаптың сақталуы, әдетте, өзгелермен қатар шарттардың, шottардың/шот-фактуралардың, орындалған жұмыстар актілерінің/тауарларды қабылдау актілерінің және т.б. болуын болжайды).

Бұдан өрі карталарды пайдалану кезінде үйімдарда тұындауы мүмкін шығыстардың келесі түрлеріне арналған ерекшеліктер сипатталады:

- Картаны шығару және жылдық қызмет көрсету үшін төлем;
- Банктердің банкоматтары мен кассаларындағы қолма-қол ақша қаражатын алуға байланысты комиссиялар;
- Кредиттік карталар бойынша кредитті (овердрафтты) пайдаланғаны үшін сыйақы;
- Валюта айырбастауға байланысты кірістер/шығыстар;
- Кредиттеудің жеңілдікі кезеңі бар кредиттік карталардың ерекшелігі;
- Карталар бойынша бонустарды ұсыну.

### **Картаны шығару және жылдық қызмет көрсету үшін төлем**

Карталарға қызмет көрсетуге байланысты комиссияларды төлеу бойынша шығыстар шығындарды жоғарыда сипатталған шегерімдерге жатқызуудың жалпы қағидаттарын сақтаған кезде КТС мақсаттары үшін шегерімдерге жатқызылуы мүмкін.

### **Банктердің банкоматтары мен кассаларындағы қолма-қол ақша қаражатын алуға байланысты комиссиялар**

Картаны пайдалану үйімнің кәсіпкерлік қызметтімен тікелей байланысты болғандықтан, онда оған қызмет көрсету бойынша шығыстар, әртүрлі комиссияларды төлеу жоғарыда сипатталған шығындарды шегерімдерге жатқызуудың жалпы қағидаттары сақтаған кезде КТС мақсаттары үшін шегерімдерге жатқызылатын шығыстардың күрамына енгізіледі.

### **Кредиттік карталар бойынша кредитті пайдаланғаны үшін сыйақы**

Салық кодексінің мақсатында кредитті (қарыздың, микрокредиттің) алынған (берілген) сомасын, екінші деңгейдегі банктердің ақша аударғаны үшін комиссияларды және қарыз алушы үшін қарыз беруші, өзара байланысты тарап болып табылмайтын тұлғаға төленетін өзге де төлемдерді қоспағанда, өзгелердің арасында кредитке (қарызға, микрокредитке) байланысты барлық төлемдер сыйақылар деп танылады.

<sup>16</sup> Салық кодексінің 242-бабының 1-тармагы;

<sup>17</sup> Салық кодексінің 242-бабының 3-тармагы;

<sup>18</sup> Салық кодексінің 242-бабының 4-тармагы;

Екінші деңгейдегі банк (өзара байланысты тарап болып табылмайтын) берген кредит/карыз бойынша сыйақы сомасы салық төлеушіге нақты төленген мөлшерде шегерілуі қажет<sup>19</sup>:

- есепті салық кезеңінде салық төлеуші есепті салық кезеңінде және (немесе) есепті салық кезеңінің алдындағы салық кезеңдерінде шығыстар деп таныған шығыстар сомасы шегінде;
- есепті салық кезеңінің алдындағы салық кезеңдерінде салық төлеуші есепті салық кезеңінде шығыстар деп таныған шығыстар сомасы шегінде жүзеге асырылады.

Егер мекенжайына сыйақты төленетін картаның эмитент банкі өзара байланысты тарап болып табылған жағдайда, бұл шығыстарды Салық кодексінің 246-бабында белгіленген шектеулерді ескере отырып, шегерімге жатқызу керек.

Демек, егер кредит (овердрафт) бойынша төленуге тиісті сыйақты шығындарды жоғарыда сипатталған шегерімдерге жатқызузың жалпы қағидаттарына, сондай-ақ Салық кодексінің 246-бабының талаптарына сәйкес келсе, онда мұндай шығыстар КТС бойынша шегерімдерге жатқызылуы мүмкін.

#### Валюта айырбастауға байланысты кірістер/шығыстар

Салық салу мақсатында бағамдық, айырманы есепке алу, оның ішінде бағамдық айырма сомасын белгілеу халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және КР бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.<sup>20</sup>

Жылдық жылнұтық табыс салық төлеушінің табыстарының барлық түрлерін, оның ішінде оң бағамдық айырма сомасының теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуін қамтиды.<sup>21</sup>

Егер теріс бағамдық айырма сомасы оң бағамдық айырма сомасынан асып кетсе, асып кету шамасы шегерілуге тиис.<sup>22</sup>

Осылайша, бағамдық айырма бойынша кірістер мен шығыстар ХКЕС және КР Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптары негізінде белгіленеді, бұл ретте КТС-ны анықтау мақсатында жоғарыда сипатталған шығындарды шегерімге жатқызузың жалпы принциптері сақталған кезде, кіріске оң бағамдық айырманың теріс бағамдық айырма сомасынан асып кетуі енгізіледі, ал теріс бағамдық айырманың пайда болған кездегі сол салық кезеңіндегі оң бағамдық айырма сомасынан асып кеткен мөлшері шегеріледі.

#### Кредиттеудің женілдік берілген кезеңімен кредиттік карталарды пайдалану

Ұйым мен банк арасындағы кредиттік шарт аясында белгілі бір уақыт кезеңі ішінде ұйым кредиттік қаражатты өтеусіз негізде пайдалана алатын талаптар көзделуі мүмкін.

Салық төлеуші өтеусіз алған кез келген мүліктің, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны оның кірісі болып табылады.<sup>23</sup>

Өтеусіз алған мүлік түріндегі табыс мөлшерін белгілеу мақсатында өтеусіз алған мүліктің, оның ішінде жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құны ХКЕС-ке және КР бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп деректері бойынша белгіленеді, бірақ қабылдау-өткізу актісінде көрсетілген құннан төмен емес беруші тараптың құхаттарында көрсетілген қосылған құн салығын ескере отырып, мұндай мүлікті (ол болған кезде) табыс етуге құқылы.

<sup>19</sup> Салық кодексінің 246-бабының 3-тармағы;

<sup>20</sup> Салық кодексінің 192-бабының 4-тармағы;

<sup>21</sup> Салық кодексінің 226-бабы 1-тармағының 18) тармақшасы;

<sup>22</sup> Салық кодексінің 263-бабы;

<sup>23</sup> Салық кодексінің 238-бабының 1 және 3-тармақтары;

Егер бухгалтерлік есепте пайызызың қайтарылатын қарыз бойынша сыйакыны үнемдеу түріндегі табыс белгіленген жағдайда немесе олар бойынша пайыздар нарықтық кірістен темен мөлшерде көзделсе, мұндан табыс ХҚЕС және ҚР Бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есептің деректеріне сәйкес мөлшерде өтеусіз алынған мүліктен түскен табыс түріндегі жылдық жиынтық кіріске енгізілуі тиіс.

Бұл ретте, салық, салу мақсатында басқа тұлғадан алғынға тиісті (алынған) кірістен басқа, ХҚЕС-ке және (немесе) ҚР бухгалтерлік есеп жүргізу пен қаржылық, есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есептегі кіріс деп танылатын активтер мен (немесе) міндеттемелер құнының өзгеріне байланысты туындастын кіріс табыс ретінде қаралмайды.

#### Карталар бойынша бонустар беру

Картаны пайдаланған кезде банк әр түрлі бонустарды/пайыздарды ұсына алады. Оларға:

- будан әрі сатып алуға пайдаланылуы мүмкін «балл», «авиакомпаниялардың мілі» және т.б. түріндегі бонустар;
- сатып алуға жұмсалатын шығыстардың бір бөлігін қайтару;
- шоттардағы қалдықтар бойынша есептелетін пайыздар кіреді.

Картаның заңды тұлғаның атына ашылуына байланысты бұл жағдайда картаны ұстаушы жеке тұлға емес, үйым табыс алушы болып табылады. Демек, егер мұндан табыс үйымның бухгалтерлік есебінде танылған жағдайда, онда салықтық есепке алу мақсаттары үшін алынған бонустардың сомасы да үйымның жылдық жиынтық табысына қосылады.

#### 1.3 Карталарды беру және оларға қызмет көрсету бойынша операцияларды бухгалтерлік есепте көрсету тәртібі

ҚР Бухгалтерлік есеп жүргізу туралы заңнамасында карталар бойынша операцияларды есепке алу бойынша бекітілген тәртібі жоқ, бұл біріздендірілген тәсілдің және карталар бойынша операцияларды бухгалтерлік есепке алууды үйимдастыру мен жүзеге асыруды реттейтін нақты нормалардың болмауына себепші болады.

Бухгалтерлік тұрғыдан алғанда, корпоративтік және бизнес-карталар бойынша операцияларды көрсету тәртібінің ортақ тәсілі бар. Алайда, үйым қызметкерлер пайдалана алатын соманы шекеттің шығындар лимиттерін белгілейтін нақты ережелер мен саясаттарды, сондай-ақ әрбір транзакцияның бөлшектері мен сатып алу мақсаттарын қоса алғанда, шығындар туралы есепті нақтылау дәрежесін дербес белгілей алады.

Қызметкерлерге берілген карталардың санын есепке алу үшін үйымдар карталар беруді есепке алу журналы немесе үкіс алушының ішкі құжаттар сияқты есептіліктің әртүрлі нысандарын пайдаланады. Мысалы, кадрлар белімі төлем карталары берілген қызметкерлердің есебін қызметкердің сәйкестендірүү деректері, картаның нөмірі, берілген және қайтарылған күні, лимиттер мен қол жеткізу құқықтары туралы ақпарат және өзге де қажетті ақпарат көрсетілген арналы тізілімдерді немесе дереккөрларды қолдана жолымен жүргізе алады.

Карталар бойынша операцияларды есепке алу үшін үйымда әдetteтте банк шоттарына байланысты шоттар пайдаланылады. Карталардан қаржат алу және пайдалану бойынша операциялар ҚР Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бүйрігімен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес келесі шоттарда көрсетілуі мүмкін, атап айтқанда:

- 1030 - «Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаржаты», онда үлттық және шетел валюталарымен ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаржатының қозғалысы ескеріледі;
- 1040 - «Корреспонденттік шоттардағы ақша қаржаты», онда үлттық және шетел валюталарымен корреспонденттік шоттардағы ақша қаржатының қозғалысы ескеріледі.

Талдамалық есепке алу үшін қосымша қосалқы шоттар ашу ұсынылады, мысалы, 1041 «Ұлттық валютадағы банктік төлем карталары», 1042 «Шетел валютасындағы банктік төлем карталары».

Егер бір шотқа бірнеше карта ресімделсе, карталарды ұстаушылар бойынша талдамалық есеп үйімдастыруға болады. Карта, әдетте, эмітент банктің меншігі болып табылады, осыған байланысты баланстан тыс шотта «Жауапты сактауға қабылданған мүлік» шотын ашу үсінілады. Бухгалтерлік есепте карталардың нақты қозғалысы бойынша операциялар келесі түрде болады:

<b>№</b>	<b>Дебет</b>	<b>Несие</b>	<b>Операцияның мазмұны</b>
1	02	-	Банктен картаны алу
2	-	02	Шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуына, қызметкердің жұмыстан босатылуына, картаның жоғалуына байланысты картаны банкке қайтару.

VISA корпоративтік картасы бойынша операция жүргізу үшін алдын ала үйімның ағымдағы (есеп айырысу) шотынан корпоративтік картамен байланысты арнайы шотқа ақша қаражатын аудару талап етіледі. Бұдан әрі бұл қаражат корпоративтік карталарды ұстаушылар үшін қолжетімді болады. Корпоративтік карталар үшін ашилған шоттарға ақша қаражатын есептеу бойынша операциялар келесі бухгалтерлік жазбалармен жүзеге асырылады:

<b>№</b>	<b>Дебет</b>	<b>Несие</b>	<b>Операцияның мазмұны</b>
1	1041	1030	Ағымдағы (есептік) шоттан қазақстандық тәнгемен арнайы шотқа ақша қаражатын аудару
2	1042	1030	Ағымдағы (есеп айырысу) шоттан шетел валютасымен арнайы шотқа ақша қаражатын аудару

Корпоративтік картага қарағанда бизнес-карта үйімның ағымдағы (есеп айырысу) шотына тікелей байланыстырылуы мүмкін және карта бойынша пайдалануға арналған қаражат арнайы шотқа алдын ала аудару қажеттілігінсіз осы шоттан тікелей есептен шығарылуы мүмкін. Бизнес-картаны толықтырудың нақты талаптары мен төтігі эмітент банкке және үйім мен банк арасындағы шарттық талаптарға байланысты ерекшеленуі мүмкін.

**Карталарды пайдалану кезінде үйімда шығыстардың келесі түрлері туындауы мүмкін:**

- **картага қызмет көрсету бойынша шығыстар:** картаны шығару және жылдық қызмет көрсету үшін төлем, картаны ауыстыру үшін төлемдер және картага қызмет көрсетуге байланысты өзге əкімшілік шығыстар;
- **транзакциялық шығыстар:** банкоматтардан және банктердің кассаларынан қолма-қол ақша қаражатын алуға байланысты комиссиялар, халықаралық операциялар немесе басқа валюталардағы операциялар үшін комиссияларды қоса алғанда, картаны пайдалана отырып төлемдер мен аударымдар жасағаны үшін комиссиялар;
- **басқа да байланысты шығыстар:** анықтамаларды (үзінді көшірмелерді), SMS-хабарландыруларды үсіну үшін алынатын комиссиялар, басқа банктердің құрылғыларындағы шоттағы қалдықты (балансты) көру үшін төлем, үзінді көшірмелердің телнұсқаларын беру, шоттан ақша қаражатын есептен шығару барысының дүрыстығын анықтау және т.б.

Үйімның және ХКЕС-тің есеп саясатына сәйкес картаны пайдалануға байланысты шығыстар қаржы операцияларына қызмет көрсету және есепке алу бойынша шығыстар ретінде жіктеледі. Бұл шығыстар КР Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бүйрігімен бекітілген бухгалтерлік есеп шоттарының үлгі жоспарына сәйкес бухгалтерлік есептің тиісті шығыс шоттарында көрсетіледі, атап айтқанда:

- 3300 - «Қысқа мерзімді кредиторлық берешек»;
- 3500 - «Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер»;
- 7200 - «Әкімшілік шығыстар» және т.б.

Бухгалтерлік есепте жоғарыда сипатталған шаруашылық операциялар келесі бухгалтерлік жазбалармен көрсетіледі:

<b>№</b>	<b>Дебет</b>	<b>Несие</b>	<b>Операцияның мазмұны</b>
1	3300 (3500)	1040	Банк қызметтеріне ақы төлеуге арналған қаражатты есептен шығару
2	7200	3300 (3500)	Банк комиссиясына шығыстарды көрсету

Корпоративтік кредиттік картаны ашқан кезде үйім банкпен қосымша кредиттік шарт жасаса алады, оның талаптары бойынша картага кредиттік желі ашылады. Әдетте, 12 айдан жоғары мерзімдегі картада ресімделетін кредиттік шарттар ұзақ мерзімді сипатта болады.

Бухгалтерлік есепте картага ашылған шотқа аударылатын кредит түріндегі ақша қаражатының сомасы, сондай-ақ кредитті (овердрафтты) пайдаланғаны үшін есептелген пайыздар сомасы келесі шоттарды пайдалана отырып көрсетіледі:

- 3000 - «Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер»;
- 4000 - «Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер»;
- 7300 - «Қаржыландыруға арналған шығыстар».

Бухгалтерлік есепте жоғарыда сипатталған шаруашылық операциялар келесі бухгалтерлік жазбалармен көрсетіледі:

<b>№</b>	<b>Дебет</b>	<b>Несие</b>	<b>Операцияның мазмұны</b>
1	1031 (1041)	3000 (4000)	Кредит сомасын картаның шотына аудару
2	7300	3000	Кредитті (овердрафтты) пайдаланғаны үшін пайыздарды есептеу көрсетілген
3	3000	1040	Банкке кредитті (овердрафтты) пайдаланғаны үшін проценттер аударылды

#### **Карталар бойынша көтермелеу (бонус) ұсынылған жағдайда бухгалтерлік есептің ерекшеліктері**

VISA корпоративтік карталары мен VISA бизнес-карталары эмитент банк ұсынған талаптарға және картаның таңдалған бағдарламасына байланысты қаражаттың бір бөлігін қайтару үшін әртүрлі бонустар мен мүмкіндіктерді, мысалы, кешбекті, бонус балдарын, бейділік бағдарламаларын, жеңілдіктер мен артықшылықтарды ұсына алады.

Мундай жағдайда бухгалтерлік есепте кірістер құрамына тікелей бонустарды есептеп, оларды кейіннен пайдалану керек. Алынған бонуссты, үйімның өзі немесе картаны ұстаушы жеке тұлға пайдаланылатынына ерекше назар аударған жөн. Егер карта бойынша есептелген бонустарды қызметкер жеке мақсаттар үшін пайдаланса, онда қызметкер үйімға алынған пайда сомасын әділ құны бойынша өтеуге тиіс немесе үйім алынған кіріс сомасынан «жалақы» салықтарын есептеуге және төлеуге тиіс.

Бухгалтерлік есепте үйімның карталарды пайдаланғаны үшін есептелген бонустар түріндегі ақша қаражатының сомасы тәмемдегі шоттарды пайдалан отырып, көрсетіледі:

- 3200 - «Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер»;
- 3500 - «Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер»;
- 6100 - «Қаржыландырудан түсken кірістер»;
- 7300 - «Қаржыландыруға арналған шығыстар».

Үйім бонустарды пайдаланған кезде бухгалтерлік есепте бонустарды көрсету тәртібі:

<b>№</b>	<b>Дебет</b>	<b>Несие</b>	<b>Операцияның мазмұны</b>
1	3500	6100	Есептелген бонус
2	3200	3500	Бонусты үйім қызметкері пайдаланды
3	1040	3200	Алынған бонус сомасын жұмыскер өтеді
4	7300	3200	Сома үйімның меншікті қаражаты есебінен есептен шығарылды (жұмыскердің бонус сомасын өтемеу талабымен)
5	3500	3200	Алынған және өтмелген бонус сомасынан табис салығы есептелді

## **2. Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізу**

### **2.1 Карталармен жүзеге асырылуы мүмкін операциялар**

#### **Картаны қолдану**

Картаны оның ұстаушысы:<sup>24</sup>:

- тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде төлем жасаған және (немесе) ақша аударымын жасаған кезде;
- қолма-қол ақша алу үшін;
- валюта айырбастау;
- және оның әмбентті белгілеген талаптармен басқа да операцияларды жүзеге асыру үшін қолданады.

Картаны пайдалана отырып жасалатын төлем тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде картаны немесе оның деректемелерін пайдалана отырып, төлем құжатын жасау арқылы жүзеге асырылады.

#### **2.2 Карталармен жүргізілетін операциялар бойынша валюталық бақылау**

Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы ҚРЗ 6-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, ҚР аумағында карталарды пайдалана отырып жүргізілетін төлемдер, ҚР үлттық валютасы - тенгемен жүзеге асырылады. Мысалы, ҚР резиденттері мен бейрезиденттері арасындағы валюталық операциялар үлттық және (немесе) шетел валютасымен жүзеге асырылуы мүмкін.<sup>25</sup>

Картаны пайдалана отырып жүргізілетін валюталық операциялар Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында белгіленген талаптарды сақтай отырып, жүзеге асырылады.

Өзгелерден бөлек, Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидалары карта қолданылатын жекелеген жағдайлары үшін тиісті талаптарды белгілеу мүмкін. Мысалы, резиденттің немесе бейрезиденттің валюталық операциясы бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүргізу Валюталық операцияларды жүзеге асыру қағидаларында талап етілетін құжаттарды және (немесе) мәліметтерді алдын ала сураттусы жүзеге асырылады. Алайда, егер мұндай операция баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларына тең және одан жоғары сомага жүргізілген жағдайда, резидент немесе бейрезидент үекілдепті банктің сұрау салуы бойынша мәліметтерді жалпыға бірдей белгіленген тәртіппен ұсынады.<sup>26</sup>

Мұндай операцияларды резидент-занды тулға немесе резидент-шетелдік үйымның филиалы (екілдігі) осындағы төлем және (немесе) аударым жүргізілген күннен бастап 30 (отызы) жұмыс күні ішінде баламасы 50 000 (елу мың) АҚШ долларына тең және одан жоғары сомага жүргізген жағдайда корпоративтік карталарды пайдалана отырып жүргізілетін операцияларға қатысты ақшаны үекілдепті банкке валюталық шартты немесе оның көшірмесін ұсыну қажет.<sup>27</sup>

Жеке тұлғаның Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарға баруына байланысты шығыстарын (I), занды тұлғаның немесе шетелдік үйымның филиалының (екілдігінің) әкілдің шығыстарын төлеу жөніндегі валюталық операцияны жүзеге асыру үшін қолма-қол шетел валютасын өзінің банктік шотынан алу кезінде үекілдепті банкке жеке тұлғаларға жүзеге асырылатын төлемдердің мақсатын растайтын құжаттарды ұсыну қажет екенін атап өткен және алышатын қолма-қол шетел валютасының сомасына нұсқауды қамтиды.<sup>28</sup>

Растайтын құжаттарға<sup>29</sup>:

- бүйріқ;
- өкімі;
- шешімі;
- іссапар шығыстарының сметасы кіреді.

### **2.3 Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізу кезіндегі салық салу және бухгалтерлік есеп**

<sup>24</sup> Ереженің 39-тармағы;

<sup>25</sup> Валюталық реттеу туралы ҚРЗ 6-бабының 2-тармағы;

<sup>26</sup> Валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесінің 11-тармағы;

<sup>27</sup> Сол жерде;

<sup>28</sup> Валюталық операцияларды жүзеге асыру ережесінің 26-тармағы;

<sup>29</sup> Сол жерде;

### **2.3.1. Шығыстарды картамен төлеу кезінде салық салудың және операцияларды бухгалтерлік есеп жүргізуіндің жалпы ережелері (ЖК, заңды тұлғалар, ҚҚС төлеушілер үшін)**

VISA карталары, әдетте, ҚР аумағында және одан тыс жерлерде операциялардың кең ауқымын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Теменде VISA карталары бойынша жүзеге асыруға рұқсат етілген үлгі операциялардың тізбесі келтірілген:

ҚР аумағында:

- азаматтық-құқықтық қатынастар аясында есеп айрысулар жүргізу кезінде заңды тұлғаның, ЖК-нің шаруашылық қызметіне байланысты шығыстарды, оның ішінде салықтарды, алымдарды (баждарды) және кеден төлемдерін төлеуге байланысты шығыстарды төлеу үшін;
- заңды тұлға (ЖК) жұмыскерлерінің қызметтік іссапарларына, ЖК-нің жол жүруіне байланысты шығыстарды төлеу үшін;
- заңнамада көзделген жағдайларда өзге де шығыстарды төлеу үшін. ҚР

Аумағынан тыс:

- заңды тұлға (ЖК) жұмыскерлерінің қызметтік іссапарларына, ЖК-нің жол жүруіне байланысты шығыстарды төлеу үшін;
  - ЖК тауарларына (жұмыстарына, қызметтеріне) ақы төлеу үшін;
- заңнамада көзделген жағдайларда өзге де шығыстарды төлеу үшін.

Осы әдістемелік ұсынымдарда картамен төленетін операциялардың салықтық салдары қысқаша каралады. Мұндай операцияларға байланысты салықтық салдар операцияның сипатына байланысты және, мысалы, КТС, Төлем көзінен үсталатын КТС, ҚҚС, трансферртік баға белгілеу бойынша салдарды қамтуы мүмкін. Мұндай салықтық салдар осы әдістемелік ұсынымдарда қарастырылмайды, себебі оларды әрбір жеке операция үшін жеке талдау қажет.

Салық түрфисынан алғанда, корпоративтік және бизнес-карталар бойынша операцияларды көрсету тәртібінің үқсас тәсілі бар.

#### **Корпоративтік табыс салығы**

Салық кодексіне сәйкес шегерілмейтін шығыстарды есептемегенде, салық төлеушінің табыс алуға бағытталған қызметті жүзеге асыруға байланысты шығыстары салық кодексінің осы бабында және 243-263 – баптарында белгіленген ережелерді ескере отырып, салық салынатын табысты белгілеу кезінде шегеріледі.<sup>30</sup>

Шегерімдерді салық төлеуші өзінің табыс алуға бағытталған қызметтіне байланысты бүндай шығыстарды раставтын құжаттар болған кезде іс жүзінде жүргізілген шығыстар бойыншажүргізеді.<sup>31</sup>

Шығыстарды тану күнін қоса алғанда, оларды тану ХҚЕС және (немесе) ҚР Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.<sup>32</sup>

Осылайша, карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізу кезінде шығыстар келесі талаптар сақталған кезде КТС мақсаттары үшін шегерімге жатқызылуы мүмкін:

- Бұл шығыстар бухгалтерлік есепте танылады;
- Бұл шығыстар табыс алуға бағытталған қызметке байланысты жұмсалған;
- Бұл шығыстар құжаттармен раставлалады (практикалық түрғыдан алғанда, осы талаптың сақталуы, әдетте, өзгелермен қатар шарттардың, шоттардың/шот-фактуралардың, орындалған жұмыстар актілерінің/тауарларды қабылдау актілерінің және т.б. болуын болжайды).

<sup>30</sup> Салық кодексінің 242-бабының 1-тармагы;

<sup>31</sup> Салық кодексінің 242-бабының 3-тармагы;

<sup>32</sup> Салық кодексінің 242-бабының 4-тармагы;

## Қосымша құн салығы

ҚҚС төлеушілер

ҚР-да ҚҚС төлеуші ретінде тіркелген тұлғалар ҚҚС төлеушілер болып табылады.

Бұл ретте ҚР-да ҚҚС төлеуші ретінде еркіті және міндettі тіркей бар. Еркіті тіркей ҚҚС бойынша тіркей есебі туралы салықтық өтініш беру жолымен жүргізіледі.

Қызыметін ҚР-да филиал, өкілдік, ЖКК арқылы жүзеге асыратын резидент, бейрезидент занды тұлғалар және егер ақша айналымы мөлшері күнтізбелік жыл ішінде ең аз айналымнан (2023 жылы 69 000 000 теңгегиң құрайтын 20 000 АЕК) асатын жеке практикамен айналысады тұлғалар ҚҚС бойынша тіркей есебіне міндettі түрде қойылуы тиіс.

Жеңілдетілген декларация және бөлшек салықтың АСР негізінде АСР қолданатын жеке кәсіпкерлер үшін ҚҚС төлеуші ретінде жеткізу шегін 124 184 АЕК-ке дейін, яғни 2023 жылы 428 434 800 теңгеге дейін үлғайтуға мүмкіндік бар. Бұл үшін ҮКИЖ қолдану қажет.

ҮКИЖ - деректерді тіркей және тапсыру функциясы бар бақылау-кассалық машинадан, қолма-қол ақшасыз төлемдерді қабылдауга арналған жүйеден (құрылғыдан), соңдай-ақ сауданы басқаруды автоматтандыру, қызыметтер көрсету, жұмыстарды орындау және тауарларды есепке алу жүйесімен жабдықталған жабдықтан (құрылғыдан) немесе интеграцияланған барлық үш компонентті алмастыратын бағдарламалық-аппараттық кешеннен құралған интеграцияланған жүйе<sup>34</sup>.

Жоғарыда көрсітілген ҚҚС бойынша тіркей есебіне қоюға тиісті тұлғалар орналасқан жері бойынша салық органдына ҚҚС бойынша тіркей есебі туралы салықтық өтініш беруге міндettі.

Салықтық өтініш айналым мөлшерінің айналымға белгіленген ең төменгі мөлшерден асып кеткен ай аяқталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмей келесі тәсілдердің бірімен ұсынылады:

- 1)** келу тәртібімен қағаз тасымалдағышта;
- 2)** электрондық форматта.

Егер салық органдары ең төменгі айналымның асып кету деңгейін белгілесе, ал салық төлеуші 10 жұмыс күні ішінде ҚҚС бойынша есепке қою туралы өтініш ұсынбаса, онда келесі мәселелер орнайды:

- 1)** салық төлеушінің өтініш беру мерзімі өткен күннен кейінгі 5 жұмыс күні ішінде салық органдары хабарлама жібереді;
- 2)** егер хабарлама тапсырылған күннен кейінгі 30 жұмыс күні өткеннен кейін салық төлеуші ҚҚС бойынша тіркей есебіне тұрмаса, салық органдары оның банк шоттары бойынша шығыс операцияларын үақытша тоқтатады.

Бұдан басқа, мұндай салық төлеушілер үшін әкімшілік жауапкершілік те қарастырылған, мысалы, ҚҚС бойынша тіркей есебіне қою туралы салықтық өтініш беру мерзімін бұзы 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға себепші болады (2023 жылы - 172 500 теңге).<sup>35</sup>

ҚҚС төлеуші ретінде есепке қойылмаған кезең үшін айналым жасау - есепке қойылмаған кезең үшін айналым сомасының 15% (он бес пайзы) мөлшерінде айыппұл салуға себепші болады.<sup>37</sup>

<sup>33</sup> Салық кодексінің 82-бабының 4-тармасы;

<sup>34</sup> Салық кодексінің 1-бабының 72-1-тармасы;

<sup>35</sup> Салық кодексінің 82-бабының 7, 8-тармактары;

<sup>36</sup> ӘҚБТК 269-бабының 3-тармасы;

<sup>37</sup> ӘҚБТК 275-бабының 5-тармасы;

## **ҚҚС төлеушілердің карта бойынша операцияларын есепке алу**

Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді карта арқылы төлеу кезінде ҚҚС осы тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді алу фактісін раставтың ӘШФ болған кезде, сондай-ақ осы шығыстар компанияның салық салынатын айналымына, яғни табыс алуға бағытталған қызметке байланысты болу талабымен есепке алынады.

Егер банк қызметтері туралы сөз болса, онда Салық кодексінің 397-бабына сәйкес қызметтердің басым бөлігі ҚҚС-тан босатылған болып табылады, мысалы:

- жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізетін үйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- жеке және заңды тұлғага тиесіл тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты мөлшері көрсетілетін осы тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу;
- ақша аударымы операциялары, оның ішінде пошталық ақша аударымдары;
- банктік қарыз операциялары;
- кассалық операциялар;
- қолма-қол шетел валютасымен жүргізилетін айырбастау операцияларын қосқанда, шетел валютасымен жүргізилетін айырбастау операциялары және т.б.;

КҚС картадан төлеу факті бойынша емес, Салық кодексінің 400-бабына сәйкес есепке жатқызуға рұқсат етілуі мүмкін шығыстарды раставтың құжаттарға сүйене отырып есепке алынады «Есепке жатқызылатын қосылған құн салығы».

Есепке жатқызылатын ҚҚС келесі күндердің неғұрлым кеш күндері келетін салық кезеңінде ескеріледі:<sup>38</sup>

- тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алған күн;
- 2-бағанға жатқызу үшін негіз болып табылатын шот-фактураны немесе өзге де құжатты жазып берген күн Салық кодексінің 400-бабының 1-тармағына сәйкес.

Карталар бойынша операцияларды көрсету үшін келесі бухгалтерлік өткіzlімдерді пайдалану ұсынылады:

№	Дебет	Несие	Операцияның мазмұны	Бастапқы құжат
1	1040	1030	Үйымның есеп айырысу шотынан картада ақша қаражаты аударылды	Әмбенттік банкпен шарт, басшының ақша қаражатын аударуға бүйріғы, арнайы шот бойынша банктің үзінді-көшірмесі және т.б.
2	3310	1040	Картадан авиабилет үшін шығындар төленді; тұру және т.б. үшін іссапар шығыстары	Раставтың құжаттармен қоса аванстық есеп, арнайы шот бойынша банктің үзінді көшірмесі
3	7200	3310	Картадан авиабилет үшін шығыстарды тану; іссапар шығыстарын, тұруға арналған шығыстарды және т.б. мойындау	Раставтың құжаттармен қоса аванстық есеп
4	1300 (2400) және т.с.с.	3310	ТМҚ (НК) және т.б. есепке алынды	Аванстық есеп, кассалық чек, карт-чек, тауар жүккүжаты, т ауар-көлік жүккүжаты және т.б.
5	1400	3310	сатып алынған ТМҚ бойынша шегерімге ҚҚС бөлінді	
6	3310	1040	Жасалған төлемдер үшін Банк үстап қалған сыйақы	Арнайы шот бойынша банктің үзінді көшірмесі
7	7200	3310	Банктің қызмет көрсет кезеңін шығыстарды тану	Арнайы шот бойынша банктің үзінді көшірмесі

<sup>38</sup> Салық кодексінің 401-бабының 1-тармағы;

Іс жүзінде аванстық есепті ұсыну күні картаның шотынан ақша қаражатын есептен шығару күнінің алдындағы жағдайлар болуы мүмкін. Бұл жағдайда өшқандай қосымша операциялар жасау талап етілмейді, ал 1040-шоттың дебеті бойынша көрсетілген сома шоттан ақша қаражаты есептен шығарылғаннан кейін жабылатын болады.

### **Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізу кезінде жұмыскерлерге салық салу**

Жұмыскерлерді картаны пайдаланған кезде жұмыс берушіге жұмыскерлердің табысы деп танылуы және еңбекақы қорынан салық салынуы мүмкін шығыстарды анықтау үшін әрбір операцияға талдау жүргізу маңызды.<sup>39</sup>

Тәмемде карталар бойынша жиі кездесетін операциялар ұсынылған:

**1) Қызметтік іссапарлар кезіндегі шығыстар - Салық кодексінің талаптарына сәйкес қызметтік іссапарлар кезіндегі шығыстар құжатталуы тиіс:**

- Жұмыскерді іссапарға жіберу күні мен орны көрсетілген қызметтік іссапарға жіберу туралы бүйрек;
- Бронь шығыстарын қоса алғанда, іссапар орнына жол журу шығыстары: растайтын құжаттар, әдетте, электрондық билет, отырызу талондары, сондай-ақ жол журу құжатына ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (мысалы, төлем туралы чек, шот-фактура, орындалған жұмыстар актісі) болып табылады;
- Қызметтік іссапарда болу барысында қызметкердің тұрақты жұмыс орнынан тыс тұрғын үйді жалдауға арналған шығыстар: шығыстарды растайтын құжаттар (қонақ үйлерден үзінді көшірмелер, шот фактура, орындалған жұмыстар актісі) растайтын құжаттар болып табылады;
- Бұндай шығыстарды растайтын құжаттар негізінде келу/кету үшін рұқсаттарды ресімдеу кезінде жүргізілген шығыстар (визаның құны, консулдық қызметтер)
